

## Бюджет түсімдерін болжау әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 34 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 ақпанда № 10322 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 65-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.11.2021 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Бюджет түсімдерін болжау әдістемесі бекітілсін.
2. Салық және кеден саясаты департаменті:
  - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесі мен мерзімдік баспасөз басылымдарында ресми жариялануын;
  - 2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің  
міндеттерін атқарушы

M. Құсайынов

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндеттін атқарушының  
2015 жылғы 21 қаңтардағы  
№ 34 бұйрығымен  
бекітілген

## Бюджет түсімдерін болжау әдістемесі

Ескерту. Әдістеме жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.11.2021 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Бюджет түсімдерін болжау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 65-кодекс бабына сәйкес өзірленді.

2. Жоспарлы кезеңге арналған мемлекеттік бюджетке және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдерді болжау "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі), "Қазақстан Республикасындағы кедендейтік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, Бюджет кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 20.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Мемлекеттік бюджетке және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына кірістерді болжау кезінде елдің және өнірлердің әлеуметтік-экономикалық даму болжамының (бұдан әрі – ӘЭДБ) макроэкономикалық көрсеткіштері номиналды мәнде пайдаланылады.

Болжанатын кірістер түсімдерінің есептерінде салық есептілігінің көрсеткіштері (салықтардың есептелуі, түсімі, салықтар мен алымдар бойынша берешек, салық базасы туралы), мемлекеттік статистика деректері, мемлекеттік органдардың материалдары пайдаланылады.

4. Жоспарлы кезеңге арналған бюджетке түсетін түсімдерді болжау кезінде Салық кодексіне және Бюджет кодексіне енгізілген өзгерістер ескеріледі.

5. Мемлекеттік бюджетке және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдерді болжау оңтайлы болжамды көрсеткіштерді айқындау мақсатында бірнеше есептеу әдістерімен жүзеге асырылады.

6. Жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджетке және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдердің болжамдарын айқындау кезінде ағымдағы қаржылық жыл бойынша түсімдерді бағалау негізге алынады.

7. Жоспарлы кезеңге арналған облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің салықтық әлеуетін бағалауды айқындау кезінде ағымдағы қаржылық жыл бойынша салықтық әлеует негізге алынады.

8. Түсімдер бағалауын (салықтық әлеуетті) есептеу әдістері салықтық түсімдерді болжау кезінде есептеудің негізі болып алынатын базаға байланысты әртүрлі болады.

## **2-тарау. Республикалық бюджетке түсетін түсімдерді болжау**

### **1-параграф. Салықтық түсімдер**

9. Болжау кезінде есептеулер негізіне іс жүзіндегі базамен байланысы бар немесе оның шамасын айқындастын, салықтық база немесе макроэкономикалық көрсеткіштер қабылданатын, салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша ағымдағы қаржылық жыл бойынша түсімдерді бағалаудың есебі мынадай әдістермен жүзеге асырылады:

1) тиісті салықтық базага салық мөлшерлемелерін қолдану арқылы тікелей есеп мынадай формула бойынша:

$$P_{\text{баз}} = NB * S, \text{ мұндағы:}$$

$P_{\text{баз}}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша кірістер түсімдерін бағалау;

$NB$  – салықтық база;

$S$  – Салық кодексінде белгіленген мөлшерлеме;

2) макроэкономикалық көрсеткіштер мен тиімді мөлшерлемеге сүйене отырып, мына формула бойынша:

$$P_{\text{баз}} = MP * S_{\text{есеп}}$$

$$S_{\text{есеп}} = \text{Ресеп}/MP_{\text{есеп}} * 100\%, \text{ мұндағы:}$$

$P_{\text{баз}}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша кірістер түсімдерін бағалау;

$MP$  – ағымдағы қаржылық жылын бағалау бойынша макроэкономикалық көрсеткіштердің параметрлері;

$S_{\text{есеп}}$  – есепті қаржылық жылдағы тиімді мөлшерлеме, %;

$P_{\text{есеп}}$  – есепті қаржылық жылдағы салықтардың іс жүзіндегі түсімдері;

$MP_{\text{есеп}}$  – есепті қаржылық жылдағы макроэкономикалық көрсеткіштердің параметрлері;

3) есепті қаржылық жылдың белгілі бір кезеңіндегі іс жүзіндегі түсімдердің үлес салмағы бойынша, мына формула бойынша:

$$P_{\text{баз}} = P_{i\cdot c\cdot ж(ағым.)}/U_{\text{есеп}}$$

$$U_{\text{есеп}} = P_{\phi(\text{есеп})}/P_{\text{есеп}} * 100, \text{ мұндағы:}$$

$P_{\text{баз}}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша түсімдерді бағалау;

$P_{\phi(a_f)}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша белгілі бір кезеңдегі іс жүзіндегі түсімдер;

$U_{\text{есеп}}$  – есепті қаржылық жылдағы ұқсас кезеңнің үлес салмағы, %;

$P_{\phi(\text{есеп})}$  – есепті қаржылық жылдың ұқсас кезеңіндегі іс жүзіндегі түсімдер;

$P_{\text{есеп}}$  – есепті қаржылық жылдағы іс жүзіндегі түсімдер;

4) ағымдағы қаржылық жыл бойынша белгілі бір кезеңдегі орташа айлық түсімдер бойынша, мына формула бойынша:

$$P_{\text{бaf}} = P_{\phi(\text{af.})} / K_{\phi(\text{af.})} * 12, \text{ мұндағы:}$$

$P_{\text{бaf}}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша түсімдерді бағалау;

$P_{\phi(\text{af.})}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша белгілі бір кезеңдегі іс жүзіндегі түсімдер;

$K_{ic\cdot jk} (\text{ағым.})$  – ағымдағы қаржылық жылдың белгілі бір кезеңдегі айлардың саны;

12 – бір жылдағы айлардың саны;

5) инфляция деңгейіне есепті қаржылық жылдағы іс жүзіндегі түсімдерді индекстеу арқылы, мына формула бойынша:

$$P_{\text{бaf}} = P_{\text{есеп}} * (100\% + I_{\text{бaf}}), \text{ мұндағы:}$$

$P_{\text{бaf}}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша түсімдерді бағалау;

$P_{\text{есеп}}$  – есепті қаржылық жылдағы іс жүзіндегі түсімдер;

$I_{\text{бaf}}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша инфляция деңгейі, %.

6) кемінде үш жыл ішіндегі кірістердің жылдық көлемінің немесе үш жылдан аспайтын болса, кірістердің тиісті түрінің барлық түсү кезеңдегі өсу қарқыны негізінде жүзеге асырылатын орташа есеп, мына формула бойынша:

$$P_{\text{бaf}} = P_{\text{есеп}} * T_{\text{горта}}, \text{ мұндағы:}$$

$P_{\text{бaf}}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша түсімдерді бағалау;

$P_{\text{есеп}}$  – есепті қаржылық жылдағы іс жүзіндегі түсімдер;

$T_{\text{горт}}$  – үш жылдағы орташа өсу қарқыны, %

бұл ретте:

$$T_{\text{горт}} = (Tr_{\text{есеп}(1\text{жыл})} + Tr_{\text{есеп}(2\text{жыл})} + Tr_{\text{есеп}(3\text{жыл})})/3, \text{ мұндағы:}$$

$Tr_{\text{есеп}(1\text{жыл})}$  – бірінші жылғы түсімдердің өсу қарқыны, %;

$Tr_{\text{есеп}(2\text{жыл})}$  – екінші жылғы түсімдердің өсу қарқыны, %;

$Tr_{\text{есеп}(3\text{жыл})}$  – үшінші жылғы түсімдердің өсу қарқыны, %;

7) экстраполяция арқылы, мына формула бойынша:

$$P_{\text{бaf}} = P_{\text{есеп}} + S_{\text{орт.}}, \text{ мұндағы:}$$

$P_{\text{бaf}}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша түсімдерді бағалау;

$P_{\text{есеп}}$  – есепті қаржылық жылдағы іс жүзіндегі түсімдер;

$S_{\text{орт.}}$  – үш жыл ішіндегі өсім сомасы,

бұл ретте:

$$S_{\text{орт.}} = ((S_{\text{есеп}(1\text{ жыл})} - S_{\text{есеп}(\text{өтк жыл})}) + (S_{\text{есеп}(2\text{ жыл})} - S_{\text{есеп}(1\text{жыл})}) + (S_{\text{есеп}(3\text{жыл})} - S_{\text{есеп}(2\text{жыл})}))/3$$

мұндағы

$S_{\text{есеп (өтк.жыл)}}$  – бірінші жылдың алдындағы жылдың түсімдер сомасы;

$S_{\text{есеп (1жыл)}}$  – екінші жылдың алдындағы бірінші жылдағы түсімдердің сомасы;

$S_{\text{есеп (2жыл)}}$  – үшінші жылдың алдындағы екінші жылдағы түсімдердің сомасы;

$S_{\text{есеп (3жыл)}}$  – ағымдағы қаржылық жылдың алдындағы үшінші жылдағы түсімдердің сомасы.

10. Ағымдағы қаржылық жыл бойынша түсімдерді бағалауды айқындау кезінде іс жүзіндегі түсімдерден жүйесіз сипатқа ие және өндірістік қызметтен тәуелсіз біржолғы түсімдер, атап айтқанда, уақытша факторлар есебінен алынған ірі мөлшердегі жылдық қайта есептеулер (бағаның құбылмалылығы, құрылымдық өзгерістер), салықтық тексерулер актілері бойынша ұстеме есептелген сомалар алынып тасталады.

11. Есептеулерде уәкілетті органдардың деректері ескеріледі.

## 2-параграф. Корпоративтік табыс салығы

12. Бюджет кодексінің 49-бабына сәйкес мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін корпоративтік табыс салығы бойынша болжам (бұдан әрі – ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін КТС) ӘЭДБ-ның мұнай емес сектордың, ӘЭДБ-ның мұнай екінші және үшінші сектордың жалпы қосылған құн (бұдан әрі – ЖҚҚ) көлемі, салықтың тиімді мөлшерлемесі негізінде мынадай формула бойынша айқындалады:

$KPN_6 = KPN_{61} + KPN_{62}$ , мұндағы:

$KPN_6$  – ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін КТС жалпы болжамды сомасы;

$KPN_{61} = (V_{ЖҚҚ(б.)} * Secep) + NA$ , мұндағы:

$KPN_{61}$  – мұнай емес сектордың ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін КТС болжамды сомасы;

$V_{ЖҚҚ(п.)}$  – мұнай емес сектордың ЖҚҚ болжамды көлемі;

$Secep$  – есепті қаржылық жылдағы мұнай емес сектордың ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін КТС тиімді мөлшерлемесі, %;

$NA$  – салықтық және кедендік әкімшілендіру (номиналды мәнде мұнай емес сектордың ЖҚҚ-ға 0,3%);

бұл ретте:

$Secep = KPNe_{\text{есеп}} / V_{ЖҚҚ(есеп)} * 100$ , мұндағы:

$KPNe_{\text{есеп}}$  – есепті қаржылық жылдағы мұнай емес сектордың ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін КТС іс жүзіндегі түсімдері;

$V_{ЖҚҚ(есеп)}$  – есепті қаржылық жылдағы мұнай емес сектордың ЖҚҚ көлемі.

2)  $KPN_{62} = ((V_{ЖҚҚ(б.м2)} + V_{ЖҚҚ(б.м3)}) * Secep) + NA$ , мұндағы:

KPN62 – екінші және үшінші мұнай секторының ЖҚҚ қалыптастыратын, ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін КТС болжамды сомасы;

Vжққ(п.м2) – мұнайлы екінші сектордың ЖҚҚ болжамды көлемі;

Vжққ(п.м3) – мұнайлы үшінші сектордың ЖҚҚ болжамды көлемі;

Secep – есепті қаржылық жылдағы екінші және үшінші мұнай секторының ЖҚҚ қалыптастыратын, ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін КТС тиімді мөлшерлемесі, % ;

NA – салықтық және кедендік әкімшілендіру (ӘӘДБ-ның номиналды мәнде мұнайлы екінші және үшінші сектордың ЖҚҚ 0,3%);

бұл ретте:

Secep = KPNecep/(Vжққ(есеп.м2) + Vжққ(есеп.м3)) \* 100, мұндағы:

KPNecep – есепті қаржылық жылдағы екінші және үшінші мұнай секторының ЖҚҚ қалыптастыратын, ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін КТС іс жүзіндегі түсімдері;

Vжққ(есеп.м2) – есепті қаржылық жылдағы ӘӘДБ-ның мұнайлы екінші сектордың ЖҚҚ көлемі;

Vжққ(есеп.м3) – есепті қаржылық жылдағы ӘӘДБ-ның мұнайлы үшінші сектордың ЖҚҚ көлемі.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.03.2023 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Тиімді мөлшерлемені айқындау кезінде салықтың іс жүзіндегі түсімдерінен жүйелі емес сипаттағы және өндірістік қызметтен тәуелсіз біржолғы төлемдер, атап айтқанда, уақытша факторлар (бағалардың құбылымалылығы, құрылымдық өзгерістер) есебінен алынған жылдық қайта есептеулердің ірі өлшемдері және салықтық тексеру актілері бойынша қосымша есептелген сомалар алынып тасталады.

14. Ирі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін КТС бағалау мынадай әдістер бойынша:

1) макроэкономикалық көрсеткіштер мен тиімді мөлшерлемені пайдалану арқылы;

2) есепті қаржылық жылдың белгілі бір кезеңіндегі іс жүзіндегі түсімдердің үлес салмағы бойынша есептеледі.

### **3-параграф. Қосылған құн салығы**

15. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларға, орындалған жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге салынатын қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) бойынша болжам ӘӘДБ-ға сәйкес болжамды жалпы ішкі өнім (бұдан әрі – ЖІӨ) және тиімді мөлшерлеме негізінде мынадай формула бойынша айқындалады:

NDSішкі(б) = (Vжіө(б) \* S) – X(б) + NA, мұндағы:

NDSішкі(б) – ҚҚС болжамды сомасы;

Vжіө(б) – ЖІӨ болжамды көлемі;

S – 2,4 % мөлшеріндегі ҚҚС тиімді мөлшерлемесі;

X(б) – ҚҚС болжамды қайтару сомасы (орта есеппен үш жылда немесе уәкілетті органның деректері);

НА – салықтық және кедендік әкімшілендіру (номиналды мәнде ЖІӨ 0,2%).

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.03.2023 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.**

16. Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға салынатын ҚҚС бойынша болжам ӘӘДБ-на сәйкес болжанатын импорт көлемінің, АҚШ долларына қатысты теңге бағамының және тиімді мөлшерлемесінің негізінде мынадай формула бойынша айқындалады:

$NDSim(b) = (Vim(b) * S(esep)) + NA$ , мұндағы:

$NDSim(b)$  – импортталатын тауарларға ҚҚС болжамды сомасы;

$Vim(b)$  – импорттың болжамды көлемі, теңге;

$S(esep)$  – есепті қаржылық жыл ішіндегі тиімді мөлшерлеме, %;

NA – салықтық әкімшілендіру (импорт көлеміне 0,2%),

бұл ретте:

$S(esep) = NDSim(esep) / Vim(esep) * 100$ , мұндағы:

$NDSim(esep)$  – есепті қаржылық жыл ішіндегі имортталатын тауарларға салынатын ҚҚС іс жүзіндегі түсімдері;

$Vim(esep)$  – есепті қаржылық жыл бойынша иморттың көлемі, теңге.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.03.2023 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.**

17. Салық бойынша тиімді мөлшерлемені айқындау кезінде салықтың іс жүзіндегі түсімдерінен жүйелі емес сипаттағы (тексеру нәтижелері бойынша қосымша есептеулер, қате есептелген сомалар) біржолғы төлемдер алынып тасталады.

18. ҚҚС бағалауы мынадай әдістер бойынша:

1) макроэкономикалық көрсеткіштер мен тиімді мөлшерлемені пайдалану арқылы;

2) есепті қаржылық жылдың белгілі бір кезеңіндегі іс жүзіндегі түсімдердің үлес салмағы бойынша есептеледі.

#### **4-параграф. Қазақстан Республикасының аумағына имортталатын тауарларға салынатын акциздер**

19. Қазақстан Республикасының аумағына имортталатын тауарларға акциздер түсімдері болжамының есебі ӘӘДБ-ға сәйкес иморттың болжамды көлемінің негізінде акцизделетін өнім түрлері бойынша бөлек айқындалады және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$A_b = A_{baF} * V_{im(b)}$ , мұндағы:

$A_{\Pi}$  – акциздің болжамды сомасы;

$A_{\text{баг}}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша акциз түсімдерін бағалау;

$V_{\text{им(б)}}$  – импорт көлемінің болжамды өсу қарқыны, %.

20. Акциздерді бағалау мынадай әдістер бойынша:

1) макроэкономикалық көрсеткіштерді пайдалану арқылы;

2) есепті қаржылық жылдың белгілі бір кезеңіндегі іс жүзіндегі түсімдердің үлес салмағы бойынша есептеледі.

21. Есептеулерде Салық кодексіне сәйкес акциздер мөлшерлемелерінің өзгерістері ескеріледі.

### **5-параграф. Мұнай секторы ұйымдарының түсімдерін қоспағандағы бонустар**

22. Мұнай секторы ұйымдарын қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылардан бонустар түсімдерінің болжамы соңғы үш жылғы түсімдер серпіні негізінде анықталады.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұлттық экономика министрінің 10.03.2023 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **6-параграф. Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық**

23. Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық (бұдан әрі – ПҚӨС) түсімдері болжамының есебі ӘӘДБ-ға сәйкес тау-кен өндіру өнеркәсібінің және ашық кеніштерді өңдеудің болжамды ЖҚҚ негізінде айқындалады және мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$NDPI_6 = NDPI_{\text{баг}} \cdot * T_{\text{горн}(\Pi)} / 100, \text{ мұндағы:}$$

$NDPI_6$  – ПҚӨС болжамды сомасы;

$NDPI_{\text{баг}}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша ПҚӨС түсімдерін бағалау;

$T_{\text{тау-кен}(\Pi)}$  – тау-кен өнеркәсібінің және ашық кеніштерді өңдеудің ЖҚҚ болжамды өсу қарқыны, %.

24. ПҚӨС бағалау мынадай әдістерімен:

1) макроэкономикалық көрсеткіштерді пайдалану арқылы;

2) есепті қаржылық жылдың белгілі бір кезеңіндегі іс жүзіндегі түсімдердің үлес салмағы бойынша;

3) ағымдағы қаржылық жыл бойынша белгілі бір кезеңдегі орташа айлық түсімдер бойынша есептеледі.

## **7-параграф. Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, экспортқа салынатын рента салығы**

25. Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, экспортқа салынатын рента салығы болжамының есебі ӘӘДБ-ға сәйкес тау-кен өндіру өнеркәсібінің және ашық кеніштерді өндеудің болжамды ЖҚҚ негізінде айқындалады және мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$RN_{\text{б}} = RN_{\text{бағ}} \cdot * T_{\text{тау-кен(б)}} / 100, \text{ мұндағы:}$$

$RN_{\text{б}}$  – рента салығының болжамды сомасы;

$RN_{\text{бағ}}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша салық түсімдерін бағалау;

$T_{\text{тау-кен(б)}}$  – тау-кен өнеркәсібінің және ашық кеніштерді өндеудің ЖҚҚ болжамды өсу қарқыны, %.

26. Экспортқа салынатын рента салығын бағалаумынадай әдістермен есептеледі:

- 1) макроэкономикалық көрсеткіштерді пайдалану арқылы;
- 2) есепті қаржылық жылдың белгілі бір кезеңіндегі іс жүзіндегі түсімдердің үлес салмағы бойынша;
- 3) ағымдағы қаржылық жыл бойынша белгілі бір кезеңдегі орташа айлық түсімдер бойынша.

## **8-параграф. Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер**

**Ескерту. 8-параграф алып тасталды - КР Ұлттық экономика министрінің 10.03.2023 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **9-параграф .Республикалық бюджетке есептелетін басқа да төлемдер**

29. Бюджет кодексінің 49-бабына сәйкес республикалық бюджетке есептелетін басқа да төлемдерге мыналар жатады:

қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы;

радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы;

республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы;

цифрлық майнинг үшін төлемақы;

Казақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алым;

телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат берілгені үшін алым;

банк және сақтандыру нарықтарына қатысушылар үшін рұқсат беру құжаттарын, келісім бергені үшін алым;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті үйім Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды және авиация қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сертификаттау талаптарына сәйкестігіне беретін сертификаттарды бергені үшін алым;

дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың мемлекеттік тіркелгені, сондай-ақ олардың қайта тіркелгені үшін алым;

теле-, радиоарнаны, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қойғаны үшін алым;

ғарыш обьектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін алым;

көмірсутектер саласындағы жекелеген кіші қызмет түрлерімен айналысу құқығына байланысты лицензия берілгені үшін лицензиялық алым;

"Астана" халықаралық қаржы орталығының инвестициялық резиденті болып табылатын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның резиденттігін растайтын құжаттың берілгені үшін алым;

мемлекеттік баж;

онын бизнесі салығы.

**Ескерту. 29-тармақ жана редакцияда - КР Ұлттық экономика министрінің 10.03.2023 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

30. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы түсімдерін болжау уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынған, болжамды мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

31. Басқа төлемдер бойынша болжамды есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SP_{\delta} = SP_{baF} \cdot * (100\% + I_{\Pi}),$$
 мұндағы:

$SP_{\delta}$  – төлемнің болжамды сомасы;

$SP_{baF}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша төлемдер түсімдерін бағалау

$I_{\Pi}$  – инфляцияның болжамды деңгейі, %.

32. Республикалық бюджет есебіне жатқызылатын басқа да төлемдер бойынша бағалау мынадай әдістермен:

1) есепті қаржылық жылдың белгілі бір кезеңіндегі іс жүзіндегі түсімдердің үлес салмағы бойынша;

2) ағымдағы қаржылық жыл бойынша белгілі бір кезеңдегі орташа айлық түсімдер бойынша;

3) экстраполяция әдісімен есептеледі.

## **10-параграф. Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар**

33. Экелінетін тауарларға кедендік баж түсімдері болжамының есебі ӘЭДБ-ға сәйкес болжанатын импорт көлемінің, АҚШ долларына қатысты теңге бағамының негізінде анықталады және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$TP_{им(б)} = TP_{им(бағ.)} * V_{им(б)}, \text{ мұндағы:}$$

$TP_{им(п)}$  – экелінетін тауарларға салынатын кедендік баждардың болжамды сомасы;

$TP_{им(бағ.)}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша экелінетін тауарларға салынатын кедендік баж түсімдерін бағалау;

$V_{им(п)}$  – импорт көлемінің болжамды өсу қарқыны, %.

34. Әкетілетін тауарларға салынатын кедендік баж түсімдері болжамының есебі ӘЭДБ-ға сәйкес болжанатын экспорт көлемінің, АҚШ долларына қатысты теңге бағамының негізінде анықталады, мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$TP_{эк(б)} = TP_{эк(бағ.)} * V_{эк(б)}, \text{ мұндағы:}$$

$TP_{эк(п)}$  – әкетілетін тауарларға салынатын кедендік баждың болжамды сомасы;

$TP_{эк(бағ.)}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша әкетілетін тауарларға салынатын кедендік баж түсімдерін бағалау;

$V_{эк(б)}$  – экспорт көлемінің болжамды өсу қарқыны, %.

35. Экелінетін және әкетілетін тауарларға кедендік баждар бойынша бағалау мынадай әдістермен:

1) макроэкономикалық көрсеткіштерді пайдалану арқылы;

2) есепті қаржылық жылдың белгілі бір кезеңіндегі іс жүзіндегі түсімдердің үлес салмағы бойынша есептеледі.

36. Шикі мұнайға әкетілетін кедендік баж (бұдан әрі – мұнайға ЭКБ) болжамының есебі ӘЭДБ-ға сәйкес болжанатын мұнайға әлемдік бағаның, АҚШ долларына қатысты теңге бағамының және "Әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімін және Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17 ақпандығы № 81 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13217 болып тіркелген) сәйкес мөлшерлеме негізінде анықталады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$TP_{мұн.(б)} = V_{мұн(б)} * S * K_{(б)}, \text{ мұндағы:}$$

$TP_{мұн(б)}$  – мұнайға ЭКБ болжамды сомасы;

$V_{мұн(б)}$  – баж салынатын мұнай экспортының болжамды көлемі (үәкілетті органның деректері бойынша);

S – мөлшерлеме, 1 тон/долл;

K<sub>(б)</sub> – АҚШ долларына қатысты теңгенің болжамды бағамы.

37. Мұнайға ЭКБ бойынша бағалау мынадай әдістермен:

1) макроэкономикалық көрсеткіштерді пайдалану арқылы;

2) ағымдағы қаржылық жыл бойынша белгілі бір кезеңдегі орташа айлық түсімдер бойынша есептеледі.

38. Кедендік бақылауды және кедендік ресімдерді жүзеге асырудан түсетін түсімдер болжамының есебі мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$TK_{(б)} = TK_{(баф)} * SV_{(б)} / 100, \text{ мұндағы:}$$

TK<sub>(б)</sub> – кедендік бақылауды және кедендік ресімдерді жүзеге асырудан түсетін түсімдердің болжамды сомасы;

TK<sub>(баф.)</sub> – ағымдағы қаржылық жыл бойынша кедендік бақылауды және кедендік ресімдерді жүзеге асырудан түсетін түсімдерді бағалау;

SV<sub>(б)</sub> – импорт және экспорт көлемінің болжамды өсу қарқыны, %.

39. Кедендік бақылауды және кедендік ресімдерді жүзеге асырудан түсетін түсімдер бойынша бағалау мынадай әдістермен:

1) макроэкономикалық көрсеткіштерді пайдалану арқылы;

2) есепті қаржылық жылдың белгілі бір кезеңіндегі іс жүзіндегі түсімдердің үлес салмағы бойынша есептеледі.

## 11-параграф. Салықтық емес түсімдер

40. Салықтық емес түсімдер салықтық емес түсімдердің әрбір түрі бойынша серпінін талдау, болжанатын жылдағы инфляция деңгейіне түзетілген ағымдағы қаржылық жылда күтілетін түсімін бағалауды негізге ала отырып болжанады және уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынған болжамды деректер пайдаланылады.

41. "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін жалгерлік төлемнен түсетін түсімдер бойынша болжам Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Үкіметтері арасында жасалған шартқа сәйкес сомаларда және теңгенің АҚШ долларына қатысты болжамды бағамы есепке алына отырып белгіленеді.

42. Республикалық бюджетке түсетін, республикалық бюджеттерден қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар және (немесе) бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер (қарыздар) бойынша айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар түріндегі салықтық емес түсімдерді болжау жүзеге асырылмайды.

## **12-параграф. Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер**

43. Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді (жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сатудан түсетін түсімдер) болжау мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган ұсынған болжамды көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады.

## **13-параграф. Трансферттердің түсімдері**

44. Бюджет кодексінің 45-бабына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен түсетін трансферттер (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін бюджеттік алып қоюлар) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындастынын, жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесі негізінде есептеледі.

45. Бюджет кодексінің 24-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық корынан республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген трансферттердің мөлшері абсолютті бекітілген мөлшерде айқындалады және Қазақстан Республикасының заңымен белгіленеді.

## **3-тарау. Жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді болжау**

### **1-параграф. Салықтық түсімдер**

46. Салықтық түсімдерді болжау мынадай әдістермен жүзеге асырылады:

1) тиісті салықтық базага салық мөлшерлемелерін қолдану арқылы тікелей есеп мынадай формула бойынша:

$P = NB * S$ , мұндағы:

$P$  – кірістер түсімдерін болжау немесе бағалау;

$NB$  – салық базасы;

$S$  – Салық кодексінде белгіленген мөлшерлеме;

2) макроэкономикалық көрсеткіштер мен тиімді мөлшерлемені негізге ала отырып, мынадай формула бойынша:

$P = MP * S_{есеп}$

$S_{есеп} = P_{есеп}/MP_{есеп} * 100\%$ , мұндағы:

$P$  – кірістер түсімдерін болжау немесе бағалау;

$MP$  – макроэкономикалық көрсеткіштер параметрлері;

$S_{есеп}$  – есепті қаржылық жылдағы тиімді мөлшерлеме, %;

$P_{есеп}$  – есепті қаржылық жылдағы салықтардың іс жүзіндегі түсімдері;

$P_{\text{есеп}} - \text{есепті қаржылық жылдағы макроэкономикалық көрсеткіштердің параметрлері;}$

3) инфляция деңгейіне есепті қаржылық жылдағы іс жүзіндегі түсімдердің индекстеу жолымен, мынадай формула бойынша:

$$P = P_{\text{есеп}} * (100\% + I), \text{ мұндағы:}$$

$P - \text{ағымдағы қаржылық жыл бойынша түсімдердің болжасы;}$

$P_{\text{есеп}} - \text{есепті қаржылық жылдағы іс жүзіндегі түсімдер (бағалау үшін) немесе ағымдағы қаржылық жылдың бағалауы (болжасы үшін);}$

$I - \text{инфляция деңгейі, \%}.$

4) кемінде үш жыл ішіндегі кірістердің жылдық көлемінің немесе үш жылдан аспайтын болса, кірістердің тиісті түрінің барлық түсү кезеңіндегі өсу қарқыны негізінде жүзеге асырылатын орташа есеп, мынадай формула бойынша:

$$P = P_{\text{есеп}} * Tr_{\text{орт.}}, \text{ мұндағы:}$$

$P - \text{ағымдағы қаржылық жыл бойынша түсімдердің болжасы;}$

$Tr_{\text{орт.}} - \text{есепті қаржылық жылдағы іс жүзіндегі түсімдер (бағалау үшін) немесе ағымдағы қаржылық жылдың бағалауы (болжасы үшін);}$

$Tr_{\text{орт.}} - \text{үш жылдағы орташа өсу қарқыны, \%},$

бұл ретте:

$$Tr_{\text{орт.}} = (Tr_{\text{есеп(1жыл)}} + Tr_{\text{есеп(2жыл)}} + Tr_{\text{есеп(3жыл)}})/3, \text{ мұндағы:}$$

$Tr_{\text{есеп(1жыл)}} - \text{бірінші жылғы түсімдердің өсу қарқыны, \%};$

$Tr_{\text{есеп(2жыл)}} - \text{екінші жылғы түсімдердің өсу қарқыны, \%};$

$Tr_{\text{есеп(3жыл)}} - \text{үшінші жылғы түсімдердің өсу қарқыны, \%};$

5) экстраполяция жолымен, мынадай формула бойынша:

$$P = P_{\text{есеп}} + S_{\text{орт.}}, \text{ мұнда:}$$

$P - \text{ағымдағы қаржылық жыл бойынша түсімдердің болжасы;}$

$S_{\text{орт.}} - \text{есепті қаржылық жылдағы іс жүзіндегі түсімдер (бағалау үшін) немесе ағымдағы қаржылық жылдың бағалауы (болжасы үшін);}$

$S_{\text{орт.}} - \text{үш жыл ішіндегі орташа өсім сомасы,}$

бұл ретте:

$$S_{\text{орт.}} = ((S_{\text{есеп(1жыл)}} - S_{\text{есеп(өтк.жыл)}}) + (S_{\text{есеп(2жыл)}} - S_{\text{есеп(1жыл)}}) + (S_{\text{есеп(3жыл)}} - S_{\text{есеп(2жыл)}}))/3, \text{ мұнда:}$$

$S_{\text{есеп(өтк.жыл)}} - \text{бірінші жылдың алдындағы жылдың түсімдер сомасы;}$

$S_{\text{есеп(1жыл)}} - \text{екінші жылдың алдындағы бірінші жылдың түсімдер сомасы;}$

$S_{\text{есеп(2жыл)}} - \text{үшінші жылдың алдындағы екінші жылдың түсімдер сомасы;}$

$S_{\text{есеп(Зжыл)}}$  – ағымдағы қаржылық жылдың алдындағы үшінші жылдың түсімдер сомасы.

6) есептік қаржылық жылдағы белгілі бір кезеңдегі іс жүзіндегі түсімдердің үлес салмағына сүйене отырып, мынадай формула бойынша:

$$P_{\text{баг.}} = P_{\phi(\text{ағым.})} / U_{\text{есеп}}$$

$$U_{\text{есеп}} = P_{\phi(\text{есеп})} / P_{\text{есеп}} * 100, \text{ мұндағы:}$$

$P$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша түсімдерді бағалау;

$P_{\text{іс·ж(ағым.)}}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша белгілі бір кезеңдегі іс жүзіндегі түсімдер;

$U_{\text{есеп}}$  – есепті қаржылық жылдағы ұқсас кезеңнің үлес салмағы, %;

$P_{\text{іс·ж(есеп)}}$  – есепті қаржылық жылдың ұқсас кезеңіндегі іс жүзіндегі түсімдер;

$P_{\text{есеп}}$  – есепті қаржылық жыл бойынша іс жүзіндегі түсімдер;

7) ағымдағы қаржылық жыл бойынша белгілі бір кезеңдегі орташа айлық түсімдер бойынша, мынадай формула бойынша:

$$P_{\text{баг.}} = P_{\text{іс·ж(ағым.)}} / K_{\text{іс·ж(ағым.)}} * 12, \text{ мұндағы:}$$

$P_{\text{баг.}}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша түсімдерді бағалау;

$P_{\text{іс·ж(ағым.)}}$  – ағымдағы қаржылық жыл бойынша белгілі бір кезеңдегі іс жүзіндегі түсімдер;

$K_{\text{іс·ж(ағым.)}}$  – ағымдағы қаржылық жылдың белгілі бір кезеңіндегі айлар саны;

12 – жылдағы айлар саны.

47. Ағымдағы қаржылық жыл бойынша түсімдерді бағалауды және салықтың тиімді мөлшерлемесін айқындау кезінде іс жүзіндегі түсімдерден жүйелік емес сипаттағы және өндірістік қызметке байланысты емес біржолғы төлемдер, атап айтқанда, уақытша факторлар (бағалардың құбылмалылығы, құрылымдық өзгерістер) есебінен алған жылдық қайта есептеулердің ірі мөлшерлері, салықтық тексеру актілері бойынша қосынша есептелген сомалар алып тасталады.

48. Есептеулерде уәкілетті органдардың деректері ескеріледі.

## 2-параграф. Салықтық емес түсімдер

49. Салықтық емес түсімдер салықтық емес түсімдердің әрбір түрі бойынша серпінін талдау, болжанатын жылдағы инфляция деңгейіне түзетілген ағымдағы қаржылық жылда күтілетін түсімін бағалауды негізге ала отырып болжанады және уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынған болжамды деректер пайдаланылады.

50. Жергілікті бюджеттерге республикалық немесе жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік

мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар және (немесе) бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер (қарыздар) бойынша айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар түріндегі салықтық емес түсімдерді болжау жүзеге асырылмайды.

### **3-параграф. Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер**

51. Азаматтарға пәтерлерді сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жерді және материалдық емес активтерді, мемлекеттік мекемелерге бекітілген мұлікті сатудан түсетін түсімдерді болжау уәкілетті органның деректері бойынша немесе болжанатын жылы инфляция деңгейіне түзетілген ағымдағы қаржылық жылдың күтілетін түсімінің бағалауы негізге алына отырып жүзеге асырылады.

### **4-параграф. Трансфертердің түсімдері**

52. Республикалық бюджеттен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне трансфертер мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджет кодексінің 45-бабына сәйкес айқындастын жалпы сипаттағы трансфертерді есептеу әдіstemесі негізінде есептеледі.

### **4-тарау. Жалпы сипаттағы трансфертерді айқындау үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне түсетін түсімдерді болжау**

53. Уш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансфертерді айқындау үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттері кірістерінің көлемін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган есептейді.

54. Жалпы сипаттағы трансфертерді есептеу үшін кірістер тұластай алғанда үш санат бойынша: салық түсімдері, салықтық емес түсімдер және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер соңғы үш жылдағы өсу үрдісін сақтай отырып, айқындалады және қолданылады.

55. Есептеулерде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ұсынған жүйесіз сипаттағы (біржолғы) түсімдер ескеріледі.

56. Жергілікті атқарушы органдар алдағы үш жылдық кезеңге арналған, трансфертерді қоспағанда, өздерінің кірістерінің болжамдарын ұсынады.

57. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган трансфертерді қоспағанда, жергілікті атқарушы органдардың кірістерін қаастырады. Қажет болған жағдайда, кірістер бойынша негізdemелерді ескере отырып, есептеулерге түзетулер енгізіледі және кірістердің соңғы болжамы анықталады.

### **1-параграф. Салықтық түсімдер**

58. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері кірістерінің көлемдерін айқындау кезінде жалпы сипаттағы трансфертерді белгілеу үшін ағымдағы қаржылық жыл бойынша салықтық әлеуетін бағалауды есептеудің мынадай әдістері пайдаланылады:

1) есепті қаржылық жылдағы белгілі бір кезеңдегі іс жүзіндегі түсімдердің үлес салмағы мынадай формула бойынша:

$R_{baF} = P_{ic.j}/U_{esep}$ , мұндағы:

